

"Білім" мемлекеттік бағдарламасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 2000 жылғы 30 қыркүйек N 448. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Білім саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жақсарту және азаматтардың білім алуға конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. Қоса беріліп отырған "Білім" мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Мемлекеттік бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдері Мемлекеттік бағдарламаның іске асырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы Президентінің
2000 жылғы 30 қыркүйектегі N 448

Ж а р л ы ғ ы м е н

Бекітілген

"Білім" мемлекеттік бағдарламасы

1. ПАСПОРТ

"Білім" мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған Іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарының P000367_4.3.1.9-тармағына сәйкес әзірленді және білім беру жүйесін дамытудың 2005 жылға дейінгі кезеңге арналған негізгі бағыттарын а й қ ы н д а й д ы .

Бағдарлама мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, жалпы орта білімнің, бастауыш және орта, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімнің басты аспектілерін қамтиды, елдегі білім беру саласының нақты жай-күйін бағамдайды, перспективаларын белгілейді, білім беру жүйесін одан әрі дамытудың басымдықтарын айқындайды және білім берудің әрбір деңгейі үшін қойылған мақсаттарға қол жеткізу жөніндегі нақты іс-шаралардан тұрады.

Бағдарламада ауыл мектебі оқушыларына білім беру деңгейін арттыру үшін жағдай жасауды қамтамасыз ететін қазіргі ауыл мектебінің моделін жетілдірудің және жоғары кәсіптік білім алу үшін олардың түлектерінің бастапқы мүмкіндіктерін теңдестірудің қажеттілігіне елеулі көңіл бөлінеді, сондай-ақ балаларды мектепалды даярлауды қамтамасыз ету, мектеп жасына дейінгі балалар үшін жаңа білім беру бағдарламаларын дамыту бөлігінде "Білім туралы" Z990389_ Қазақстан Республикасы Заңының ережелері ескеріледі.

Бағдарлама оқытудың жаңа технологияларын әзірлеу мен енгізуде инновациялық өзгерістерді жүзеге асыру, қоғамның әрбір мүшесінің қызмет саласын жедел өзгерту үшін кадрлардың біліктілігін арттыру мен қайта даярлауды қамтитын үздіксіз білім беру жүйесін дамытуды көздейді. Бағдарлама жаңа оқу жоспарларын, жаңа буын оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерін енгізу, балалар мен жастарға экономикалық, экологиялық, құқықтық, азаматтық білім беру жөніндегі қазіргі заманғы оқу бағдарламаларын енгізу арқылы білім берудің мазмұнын жаңартуға жәрдемін тигізуге арналған.

Бағдарламаны қаржыландыру тиісті жылға мемлекеттік бюджетте білім беру жүйесін қаржыландыру көзделген қаражаттың шегінде, сондай-ақ Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасына енгізілген заемдар қаражаты есебінен жүзеге асырылады. 2001-2005 жылдарға арналған Бағдарламаны іске асыруға арналған бюджет қаражатындағы ең төменгі есептік қажеттілік 380000 миллион теңгені құрайды. Оның жыл сайынғы көлемі тиісті жылға арналған мемлекеттік бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес нақтыланатын болады. Халықаралық ұйымдардың техникалық және гранттық көмегін, ұйымдар мен тұрғындардың демеушілік көмегін тарту көзделеді.

2 . К І Р І С П Е

Республиканың білім беру саласындағы қазіргі заманғы үрдістер мен оның түрлі деңгейлерінің алдында тұрған міндеттер білім берудің жалпы жүйесіндегі оның рөлін, функциялары мен орнын ой елегінен қайта өткізудің, оны одан әрі дамытуда жаңа көзқарасты тұжырымдаудың қажеттігін тудырады.

Білім берудің тиімділігі жоғары жүйесі ел экономикасы мен Қазақстан қоғамының тұрлаулы ілгерілеуін қамтамасыз етудің негізгі факторларының бірі болып табылады. Мемлекетіміздің білім беру жүйесінде жүргізілетін реформаларының мақсаты - оның нарықтық экономика жағдайында ғаламдық ауқымға ие болуын ескере отырып, сапалы өзгерістерін қамтамасыз ету. Білім беруді реформалау осы саладағы жинақталған оң әлеуетті сақтаудың негізінде осы процесті тереңдету мен дамыту үшін жаңа құқықтық, ғылыми-әдістемелік, қаржы-материалдық жағдайларын жасауды және тиісінше кадрмен қамтамасыз

етуді

талап

етеді.

Қоғамдағы серпінді әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жағдайында білім беруге сапалы реформа жүргізу білім беру саласында қалыптасқан нақты жағдайды, өскелең үрдістер мен іс жүзіндегі қатынастарды, сондай-ақ қоғам мен мемлекеттің болашақтағы дамуының мүмкін жолдарын ескеретін егжей-тегжейлі жасалған стратегия болғанда ғана мүмкін болады. Мұндай стратегия жылдам өзгертін нақты жағдайларға тұрақты бейімделетін икемді тактикалық іс-қимыл бағдарламасын әзірлеу үшін негіз болуға тиіс.

Бағдарламаны әзірлеу білім беру саласында қалыптасқан ұйымдық-экономикалық, мазмұндық-әдістемелік, құқықтық және әлеуметтік-психологиялық қатынастарға өзгерістер енгізудің қажеттігінен туындады. Ол білім беру саласында қолданылып жүрген мемлекеттік және ведомстволық бағдарламалармен және оның жаңа нормативтік-заңдық қамтамасыз етумен қатар білім беру саласында мемлекеттік саясатты іске асырудың ұйымдық негізін құрайды.

3. БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ЖАЙ - КҮЙІН ТАЛДАУ

Заңнамаларға сәйкес білім беру бағдарламаларының сабақтастығы мен үздіксіздігінің принциптеріне негізделген білім беру жүйесінің ұлттық үлгісі білім берудің 4 деңгейін қамтиды:

- 1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту;
- 2) орта (жалпы орта, бастауыш және орта кәсіптік) білім беру;
- 3) жоғары кәсіптік;
- 4) жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім.

Білім беру бағдарламалары мектепке дейінгі ұйымдарда, жалпы білім беретін мектептерде, кәсіптік мектептерде, кәсіптік лицейлерде, колледждерде, жоғары оқу орындарында жүзеге асырылады.

Білім беру ұйымдарының саны 1990 жылға дейін тұрақты түрде өсіп отырды. Алайда 1991 жылдан бастап білім беру ұйымдарының желісі қысқара бастады, бұл, әсіресе, балалар бақшаларына қатысты болды.

(диаграмманы қағаздағы нұсқадан қараңыз)

Осы кезеңде жалпы орта, бастауыш және орта кәсіптік білім беру мекемелері бойынша желіні елеусіз қысқарту жүрді, ал жоғары оқу орындары бойынша, керісінше, олардың санының өсуі байқалды. Бұл өсу мемлекеттік емес жоғары оқу орындары санының артуы есебінен болды. Бастауыш және орта кәсіптік білім беруде жеке лицейлер мен колледждер санының өсуі желінің

жаппай құлдырауына жол бермеді.

Республикада мектепке дейінгі ұйымдардың басым көпшілігінің жабылуына байланысты олардың контингенті 1,0 млн. балаға азайды, сөйтіп қазіргі уақытта бес-алты жастағы 400 мың баланың 70 мыңы (17,5%) ғана балалар бақшаларында толыққанды мектепалды даярлаумен қамтылды. Бұл балалардың мектепке даярлығының сапасына әсерін тигізбей қоймайды. 1997-1998 оқу жылында мектепке мектепалды даярлаудан өтпей келген бірінші сыныптықтардың тек 20,4%-і ғана бірінші тоқсанның бағдарламасын игерудің тиісті деңгейін көрсетті, ал сонымен қатар мектепалды даярлаудан өткен бірінші сыныптықтардың арасында осы бағдарламаны игерудің жоғары деңгейі байқалады (91,3%).

Осы кезеңде желінің елеусіз қысқарғанына қарамастан, жасөспірімдер мен жастарды бастауыш және орта деңгейдегі кәсіптік оқытумен қамтудың деңгейі төмендеді, мұны мына диаграммадан көруге болады:

(диаграмманы қағаздағы нұсқадан қараңыз)

1999/2000 оқу жылында білім берудің жоғарғы сатысындағы жалпы білім беретін күндізгі мектеп (10-11/12/сыныптар) оқушыларының жасы бойынша білім берудің осы деңгейіне сәйкес келетін халықтың жалпы санының үлесі 79,1%-ті құрайды. 9 жылдық мектепті бітіргені туралы куәлік алған түлектердің жалпы санының 6,8%-і кәсіптік мектептерде, лицейлер мен колледждерде оқуын жалғастырды. Халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайының нашарлауы балалар мен жасөспірімдердің көпшілігі үшін, әсіресе табысы аз және көп балалы отбасыларының балалары үшін кәсіптік оқуға қол жеткізудің проблемаға айналуды алып келді.

Білім беру саласының негізгі проблемасы жеткіліксіз бюджеттік қаржыландыру болып табылады. Бұл білім беруге арналған мемлекеттік шығыстардың жалпы ішкі өнімге қатысты пайызбен берілуін көрсететін төмендегі диаграммада көрнекті түрде ұсынылған:

(диаграмманы қағаздағы нұсқадан қараңыз)

Білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік бюджеттің шығындарын бөлудің құрылымы да елеулі түрде өзгерді:

(диаграмманы қағаздағы нұсқадан қараңыз)

Тұтас алғанда білім беру ұйымдарының қаржы қаражатына деген қажеттігі бюджеттік көздерден төрттің біріндей ғана қамтамасыз етіледі. Осының

с а л д а р ы н а н :

білімге халықтың, әсіресе мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш және орта кәсіптік білім жүйелерінде қолжетімділігі төмендеді;

жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың, табысы аз және көп балалы отбасылар балаларының білім беру жүйесімен қамтылмауы, оларды жұмыс орындарымен қамтамасыз ету тетігінің болмауы жасөспірімдер мен жастардың осы санатында қылмыстың өсуіне жағдай туғызды ;

даму мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін білім беру қызметінің қолжетімділігі төмендеді ;

ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасы төмендеді;

педагог кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау жүйесінің әлеуеті төмендеді, аудандық оқу-әдістемелік қызметтері, жоғары оқу орындарының жанындағы біліктілікті арттыру институттары мен факультеттері негізсіз таратылды ;

білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасы нашарлады, білім беру индустриясы болмады ;

оқулықтар мен оқу-әдістемелік материалдардың тапшылығы өсе түсті;

қала мен ауыл тұрғындарының арасындағы, сондай-ақ толық және шағын жинақталған мектептердің түлектерінің арасындағы білім деңгейіндегі алшақтық ұлғайды ;

оқыту мен тәрбиелеу жүйелерінің бірлігінің бұзылуы орын алды.

Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде жоғары оқу орындарының ғылымның академиялық секторымен, өндіріспен және тәжірибелік базамен өзара іс-қимылында алшақтық ұлғайып келеді, бұл оқу процесі мен болашақ мамандарды практикалық даярлау сапасының төмендеуіне алып келеді.

Жоғары білімді кадрларды даярлауда, атап айтқанда, онсыз қоғамның ғылыми-техникалық дамуы мүмкін болмайтын ғылыми-жаратылыстану және техникалық бағыттардағы "шығынды мамандықтардан арылу" жүріп жатыр. Мамандардың басым бөлігі білім алуды көп деңгейлі жоғары білімнің бірінші сатысынан кейін тоқтатады, бұл республикада жоғары білімнің жалпы деңгейін айтарлықтай төмендетеді .

Кәсіптік білім беру жүйесінде еңбек дағдыларын оқытуға және оларды жетілдіруге қажетті назар аударылмайды. Бұл проблеманы толық қарастырған зерттеулер жоқ, олардың негізінде білім беру процесінің икемділігін, жаңаруы мен өнімділігін, еңбек рыногында өзгеріп отыратын талаптарды ескеретін қажетті шеберлік пен дағдыларды беруді қамтамасыз ететін жағдайлар жасау керек еді .

Республикадағы әлеуметтік-экономикалық ахуал жасөспірімдер мен

жастарды жұмыспен қамту проблемасын шиеленістірді. Жұмыссыздық, амалсыздан масыл болу халықтың осы санатының әлеуметтік және еңбек тұрғысынан құлдырауына алып келеді. Сөйтіп, осының нәтижесінде жасөспірімдер мен жастардың арасында қылмыс, маскүнемдік, нашақорлық, жезөкшелік және басқа да келеңсіз көріністер белең алды.

4. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Бағдарламаның негізгі мақсаты - сапалы білімге кеңінен қол жеткізуді қамтамасыз ететін білім беру жүйесінің ұлттық үлгісін тиімді дамыту үшін жағдай жасау.

Негізгі міндеттері:

азаматтардың білімнің барлық деңгейлері мен сатыларына қол жеткізуге арналған конституциялық құқықтарын қанағаттандыру үшін жағдайлар жасау;

білім беру жүйесін басқаруды жетілдіру;

білімнің және білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру, білім беру қызметтерін таңдауды ұсыну;

тәрбие жұмысын жетілдіру, оқу мен тәрбие процестерінің бірлігін қамтамасыз ету ;

педагогтің әлеуметтік мәртебесін көтеру;

Қазақстанның білім беру жүйесінің әлемдік білім кеңістігіне интеграциялануы үшін жағдай жасау.

Бағдарлама білім берудің әрбір деңгейі үшін елдің тиімді жұмыс істейтін білім беру жүйесін құру жөніндегі нақты мақсаттары мен міндеттерін айқындайды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту

Мақсаты - балалардың мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларымен қамтылуын дәйекті түрде ұлғайту жолымен олардың білім алудағы тең бастапқы мүмкіндіктерін қамтамасыз ету.

Негізгі міндеттері:

балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуда оқу-әдістемелік және кадрмен қамтамасыз ету ;

жұмыс істеп тұрған мектепке дейінгі ұйымдарды сақтау және әсіресе даму мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін жаңа түрлері мен үлгілерін дамыту;

мектепке дейінгі ұйымдар мен жалпы білім беретін мектептердің базасында балаларды мектеп алды даярлаумен қамтамасыз ету;

ата-аналар мен жұртшылықты мектепке дейінгі білім беру процесіне тарту.

Жалпы орта білім

Мақсаты - азаматтардың міндетті жалпы орта білім алуға және оның сапасын жақсартуға деген конституциялық құқығын қамтамасыз ету.

Негізгі міндеттері:

мектеп жасындағы барлық балаларды оқумен қамту;
жалпы орта білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын іске асыру;
мектептерде оқытудың жетілдірілген мазмұны мен әдістерін жетілдіру,
оқушылардың білімі мен педагогтердің қызметін бағалаудың объективті
өлшемдері мен тәсілдерін енгізу жолымен білім берудің сапасын арттыру;
оқушылар мен педагогтердің денсаулығын сақтау жөніндегі шараларды
қ а м т а м а с ы з е т у .

Жалпы орта білімнің деңгейінде ауылдық жердегі білім беруді ұйымдастыру
жөніндегі мақсат пен міндеттер жеке айқындалады.

Мақсаты - оқыту мен тәрбиелеу, мектеп оқушыларын оқыту сапасын арттыру
, ауылдық және шағын жинақталған мектептердің қызметтерін жетілдіру үшін
жағдай жасау.

Міндеттері:

ауылдық және шағын жинақталған мектептердің тиімді моделін әзірлеу және
к е з ең - к е з ең і м е н е н г і з у ;

шағын жинақталған мектептерге арналған педагог кадрларды даярлау және
қайта даярлау. Ауылдық жерде педагог кадрлардың тұрақтануын қамтамасыз ету
;

әдістемелік әдебиетті дайындау, шағын жинақталған мектептердің оқу-тәрбие
процесіне арнаулы әдістемелер мен технологияларды енгізу;

ауылдық мектептердің материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін
жақсарту жөніндегі іс-шаралар кешенін әзірлеу;

оқытудың инновациялық әдістерін және арнаулы ұйымдастыру нысандарын
енгізу жолымен ауылдық мектептердегі оқытудың деңгейін көтеру,
оқушылардың шығармашылығын және дарындылығын ынталандыру;

шағын жинақталған мектептердің оқу процесінде дистанциялық оқыту (
алыстан білім беру) әдістерін әзірлеу мен меңгеру;

ауылдық және шағын жинақталған мектептерді басқарудың тиімділігін
а р т т ы р у .

Бастауыш және орта кәсіптік білім

Мақсаты - еңбек рыногында бастауыш және орта кәсіптік білім ұйымдарын
бітірушілердің бәсекелестік қабілетін қамтамасыз ету, сондай-ақ ересек
тұрғындарды кәсіптік даярлау мен қайта даярлауды қамтамасыз ету.

Негізгі міндеттері:

бастауыш және орта кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын әзірлеу мен енгізу оларды еңбек рыногындағы жағдайды және экономикадағы құрылымдық өзгерістерді ескере отырып жаңарту;

жасөспірімдер мен жастар, сондай-ақ ересек тұрғындар үшін бастауыш және орта кәсіптік білімнің қолжетімді болуын арттыру үшін жағдайлар жасау;

бастауыш және орта кәсіптік білімнің мемлекеттік емес секторын, орта кәсіптік білімі бар жұмысшылар мен мамандарды даярлау мен қайта даярлауды қ о л д а у ;

бастауыш және орта кәсіптік білім жүйесінде әлеуметтік әріптестікті ұ й ы м д а с т ы р у м е н д а м ы т у ;

бастауыш және орта кәсіптік білім беретін оқу орындарында кадрларды даярлау мен қайта даярлау мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты к е ң е й т у .

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру

Мақсаты - орта мектептерді, бастауыш және орта кәсіптік білім беретін ұйымдардың түлектерін кәсіптік даярлау үшін жеке адамның білім алу тұрғысындағы қажеттіктерін және ел экономикасы мен әлеуметтік саланың әлемдік деңгейдегі жоғары білікті мамандарға мұқтаждығын қамтамасыз ету үшін жоғары оқу орнының түлектерін қайта даярлау үшін жағдайлар жасау.

Негізгі міндеттері:

жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын енгізу және одан әрі дамыту мамандықтардың мемлекеттік жіктегішін жетілдіру;

білім беру бағдарламаларын жетілдіру жолымен мамандарды даярлаудың жоғары сапасын қамтамасыз ету;

студенттерді даярлауда, оқытушылардың біліктілігін арттыру мен қайта даярлауда халықаралық ынтымақтастықты кеңейту, сондай-ақ бірлескен ғылыми-зерттеулер жүргізу;

профессорлар-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың тиімді жүйесін құру мен дамыту;

оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын енгізу, дистанциялық білім б е р у д і д а м ы т у ;

жоғары кәсіптік білім алу үшін жастарға мемлекеттік білім гранттары мен мемлекеттік білім беру кредиттерін берудің тетігін жетілдіру. Ауылдық жерге, шалғай және құлдыраған аудандарға жұмысқа жіберілетін мамандар үшін

жеңілдіктер көзделетін мемлекеттік білім беру кредиттері мен студенттік кредиттерді өтеудің жаңа тетігін әзірлеу мен енгізу;

академиялық және салалық ғылымның жоғары біліммен кезең-кезеңімен интеграциялануы.

Тәрбиелеу жүйесін жетілдіру

Мақсаты - қазақстандық елжандылық, азаматтық, ізгілік және жалпыадамзаттық құндылықтар идеяларының негізінде тәрбиеленушінің жеке тұлға ретіндегі сапа қасиетін қалыптастыру.

М і н д е т т е р і :

білім беру ұйымдарындағы оқушылардың ұлттық мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбиелеудің тиімді жүйесін әзірлеу мен енгізу;

балалар мен жастардың бұқаралық қоғамдық ұйымдарын дамытуды қолдау;
қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдардың желісін сақтау және одан
ә р і д а м ы т у ;

қосымша білім беретін педагогтерді, сынып жетекшілерін, білім беру ұйымдарындағы академиялық топтардың кураторларын және тәрбие проблемалары бойынша білім басқармалары органдарының қызметкерлерін
қ а й т а д а я р л а у ;

балалардың, жасөспірімдер мен жастардың құқық бұзуының, қылмыс істеуі мен бақылаусыз қалуының алдын алу жөніндегі шаралар кешенін іске асыру.

Аталған мақсаттарға қол жеткізу мен негізгі міндеттерді шешу барабар ресурстық қамтамасыз етуді, атап айтқанда:

тиісті нормативтік-құқықтық базаны қалыптастыруды;
білім беру жүйесінің тиімді жұмыс істеуі мен дамуының қаржы-экономикалық тетіктерін жетілдіруді;

білім беру ұйымдары желісін тиімді дамытуды;
білім беру жүйесінің кадрларын даярлау мен қайта даярлау жүйесін дамытуды және олардың біліктілігін жоспарлы түрде арттыруды;

оқыту мен тәрбиелеу процестерін оқу-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етуді жақсартуды;

оқытудың жаңа технологияларын енгізуді;
білім беру жүйесін, ақпараттандыруды қоса алғанда, материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жақсартуды талап етеді.

5. БАҒДАРЛАМАНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУ ТЕТПІ

5.1. БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ДАМЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында

Ғасырдан астам тарихы бар және әлемдік қоғамдастықта балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың негізгі нысаны ретінде сыннан өткен балалар бақшасы бұл күндері де үздіксіз білім берудің бірінші сатысының және балалардың ерте бастап әлеуметтенуінің тиімді моделі болып қалып отыр.

Мектеп жасына дейінгі балалардың мектепке дейінгі сапалы білім беру бағдарламаларына қолжетімділігін арттыру нысандарының бірі мектепалды институты болады, ол балаларды балалар бақшасында, жалпы білім беретін мектепте және отбасында мектепалды даярлауды барлық жерде ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Мектепалды - бұл мектепке дейінгі ересек жастағы, негізінен бұрын балалар бақшаларына бармаған балалар үшін оқу-тәрбиелік процесті мақсатты бағытта ұйымдастыру институты. Мектепалды даярлаудың ф у н к ц и я л а р ы м ы н а л а р :

балалардың тән саулығы мен психикалық саулығын сақтау әрі нығайту;
балалардың интеллектуал және жеке тұлға ретіндегі дамуын қамтамасыз ету,
олардың эмоционалдық саламаттығы жөнінде қамқорлық;

балалардың дамуындағы кемістіктерді түзету;

баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара іс-қимыл ж а с а у .

Отбасына үлкен жауапкершілік жүктеледі. Ол баланы мектепалды даярлауды - дербес, мектепке дейінгі ұйыммен немесе мектеппен бірлесіп ұйымдастыруды таңдауға хақылы. Отбасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көзделген білімді, дағдылар мен қарым-қатынастарды баланың меңгеруін, сондай-ақ күш-жігері мен психологиялық жағынан мектеп бағдарламасын игеруін қамтамасыз етуге м і н д е т т і .

Мектеп жасына дейінгі тәрбие мен оқытуды ресурстық қамтамасыз ету - мектепке дейінгі білімнің жалпы білім беретін бағдарламалары мен бастауыш мектептер бағдарламаларының сабақтастығын қамтамасыз етуге тиіс. Балаларды мектепалды даярлауды енгізудің қажеттігін ескере отырып, оқу құралдары, балалар кітаптары әзірленуге әрі жасалуға және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда педагог қызметкерлерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесі жетілдірілуге тиіс.

Жалпы орта білім беру саласында оның мазмұнын білім беруді демократияландыру және ізгілікті ету бағытында айтарлықтай жаңарту қажет. Оқушылардың сапалы білім, білік пен дағды алуының жоғары негіздеріне қол жеткізген жөн. Мазмұнды жаңарту білім берудің жетілдірілген мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын әзірлеумен және енгізумен қамтамасыз етілуге т и і с .

Жалпы орта білім беру жүйесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету оқулықтар

мен оқу-әдістемелік кешендерін жетілдіруді талап етеді. Оқу процесіне алуан көп нұсқалы оқулықтарды енгізу - оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің сапасын жақсарту, білімнің кең нұсқалылығына қол жеткізу жолдарының бірі.

Мазмұны, тілі, жағдайы мен оқыту нысандары бойынша әралуан ауыл мектебі өзіне ерекше қарауды талап етеді. Деңгейлік әрі бейіндік саралауды және оқытуды дербестендіруді, соның ішінде сыныптардың шағын толымдылығы жағдайында жүзеге асырудың қажеттілігі оқу процесін принципті түрде өзгеше ұйымдастыруды және педагог қызметкерлердің даярлық деңгейін айтарлықтай жақсартуды талап етеді. Шағын жинақталған мектептердегі оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды басқару мен оның ерекшелігі бұл саладағы қатынастарды реттеуші нормативтік құжаттар жасауды талап етеді.

Педагог мамандықтары бойынша жоғары және орта кәсіптік білім беретін оқу орындарының түлектерін даярлаудың сапасына үздіксіз мониторинг жүргізу қажет. Мектептегі білімнің сапасын қамтамасыз етуде осы деңгейдегі ұйымдардың рейтингтік жүйесін енгізген дұрыс.

Жалпы орта білім жүйесінде оқушылар мен білім беру қызметкерлерін әлеуметтік қорғаудың рөлі зор. Оқушылар мен педагогтердің денсаулығы, олардың әлеуметтік саулығы білім сапасын қамтамасыз етудің басты факторы болып табылады. Оқушылар мен педагогтердің тұрақты түрде тегін медициналық тексерілуін, сондай-ақ оқушылардың дұрыс тамақтануын ұйымдастыру қажет. Табысы аз отбасыларының балалары тегін тамақтануға тиіс.

Педагог қызметкерлер мен білім беру ұйымдары басшыларының еңбекақысының төмендігі білім беру жүйесін кадрмен тиісінше қамтамасыз етуге қол жеткізуге мүмкіндік бермейді. Мұғалім мамандығы беделді болудан қалды. Мұғалімнің әлеуметтік рөлі мен беделін көтеру үшін оның еңбекақысын өсіру қажет - білім беру қызметкерлерінің еңбекақы деңгейін 2005 жылға қарай орташа республикалық деңгейден төмен емес деңгейге дейін жеткізу керек.

Еңбекақыны көтерумен және білім беру ұйымдарының штат санының нормативтерін жетілдірумен қатар педагог еңбегін ынталандырудың, мысалы, көтермелеу гранттарын беру секілді, басқа да мүмкіндіктерін пайдалану керек.

Бастауыш және орта кәсіптік білім беру саласында басты назар еңбек рыногында талап етілетін мамандықтар бойынша жұмысшылар мен орта буын мамандарын даярлауға ғана емес, жастардың өзін-өзі жұмыспен қамтуға жақсы даярлауға, мүмкіндік беретін кәсіптік білімді, білік пен дағды алуы үшін жағдайды қамтамасыз етуге аударылуға тиіс.

Кәсіптік мектептердің, лицейлердің, колледждер мен меншіктің барлық нысанындағы кәсіпорындардың іскерлік, мүдделі әріптестік шеңберінде теориялық білім мен жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың базасында кәсіптік

практика шеңберінде алынатын практикалық дағдының бірлігін қамтамасыз ету қажет. Әріптестік кәсіпорындарды сапалы еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету мәселесіндегі тараптардың өзара тиімді ынтымақтастығын білдіреді.

Шағын және орта бизнес саласында талап етілетін жоғары разрядты, сыныптар мен санаттардағы білікті жұмысшылар мен мамандарды даярлауды е н г і з у к е р е к .

Жоғары кәсіптік білім беру саласында жоғары кәсіптік білім мамандықтарының мемлекеттік жіктегіші (тізбесі) мен жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары жетілдіруді талап етеді.

Бұл салада студенттердің қазіргі заманғы технологиялары бар кәсіпорындардың базасында өндірістік практикадан өтуі және лабораториялық әрі практикалық сабақтарын, оқу ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру мәселесін түбегейлі шешу талап етіледі.

Жоғары кәсіптік білімнің сапасын бағалау жоғары оқу орындарының рейтингтер жүйесін енгізу жолымен жүзеге асырылуға тиіс. Белгілі бір өлшемдер бойынша түрлі деңгейдегі оқу орындарының рейтингтерін жүйелі түрде жасау жоғары білім беру жүйесінде бәсекелес ортаны құрады. Оқу орындары сапаны басқарудың ішкі жүйесін құрып, оны қоғамның, жеке тұлға мен еңбек рыногының сұраныстарына жауап беру үшін ұдайы жетілдіріп отырады. Рейтингтер жасаудың технологиясы оқу орындарының қызметін әділетсіз бағалауға жол бермеуге тиіс.

Мемлекеттік аттестациялау әлемдік білім беру кеңістігіне ену процестерін ескере отырып жетілдірілуге тиіс. Кәсіптік білім беру саласында Пан-Еуропалық тіркеу жүйесі (EQUAL), Халықаралық стандарттар ұйымының ISO 9000-9001 сапа стандарттары, Менеджментті дамытудың Орталық Азия қоры (SAMAN) және басқалар секілді білім беруде сапаны қамтамасыз ету жүйелерінің жетістіктері пайдаланылуы мүмкін.

Кәсіптік білімнің қолжетімділік деңгейін арттыруға мемлекеттік білім гранттары мен кредиттерін беру тетігін одан әрі жетілдіру, сондай-ақ олардың санын өсіру жолымен қол жеткізілуге тиіс. Техникалық, педагогтік және ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша жоғары білімді мамандар даярлауға мемлекеттік тапсырыстың ұлғайтылуын көздеу қажет.

Экономикалық өзгерістерді кадрлық тиісті қолдаумен қамтамасыз етуге қабілетті кәсіптік мектептердің, лицейлердің, колледждердің және жоғары оқу орындарының түлектерін еңбек рыногына қарай қозғаудың жүйесін құру қажет. Бұған кәсіптік білім беру жүйесінде маркетингтік және еңбекке орналастыру қызметтерін дамыту жолымен қол жетеді.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында, бұл жүйеде ұйымдастырудың, қаржыландырудың және басқарудың тиімділігіне байланысты,

елеулі проблемалар қордалана бастағандықтан, жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жаңа тұжырымдамасын әзірлеу керек. Білім мен ғылымның интеграциялануы кәсіптік білім берудің жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында неғұрлым тиімді болуы мүмкін.

Оқыту мен тәрбие процестерінің бірлігіне қосымша білім беру жүйесін кеңейту, жастар мен балалардың қоғамдық бірлестіктерін көтермелеу және балалардың, жасөспірімдер мен жастардың бос уақыты мен демалысын ұйымдастыруды қамтамасыз ету жолымен қол жетеді.

Тиімді нормативтік-құқықтық базаны қалыптастырудың негізгі бағыты "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру болады.

Нормативтік-құқықтық базаның кемшіндігі және заңнама нормаларын ұдайы орындамау Қазақстанда адамды тұрлаулы дамытуды қамтамасыз ету бағытындағы білім беру жүйесінің дамуын тежейтін негізгі проблемалардың қатарында қалып отыр.

Осыған байланысты білім беру саласындағы қатынастарды реттейтін нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру, сөйтіп білім беру саласында заң нормаларының орындалуын, білім беру субъектілерінің құқықтарын қорғауды, мемлекеттік кепілдіктердің сақталуын бақылаудың пәрменді тетігін құру қажет.

Білім беру ұйымдарын аттестациялауға көшуге байланысты ұйымдардың желісіне және олардың контингентіне қарай басқару кадрлары санының нормативтерін жетілдіру керек.

Басқарудың тиімділігі көп жағдайда күллі білім беру жүйесінің ақпараттық қамтамасыз етілуіне, басқару орындарының шешімдерінің уақытылы және сапалы қабылдануына әрі мониторингтің ұйымдастырылуына байланысты. Осыған байланысты білім беруді басқаруды жетілдіру міндеті әрі білім беру статистикасының жүйесін, әрі білім беру жүйесінің мониторингін жетілдіруді қамтиды. Білім беруді ақпараттандыру процесі сонымен қатар ғылыми-педагогикалық ақпараттың автоматтандырылған деректер банкі, ақпараттық-әдістемелік материалдарды, сондай-ақ коммуникациялық желілерді пайдаланудың негізінде білім беру жүйесін басқарудың тетіктерін жетілдіруге бастамашылық етеді.

Білім беру жүйесін дамытуда, әлеуметтік проблемаларды шешуде мемлекет пен жұртшылықтың әріптестігінің ролі орасан зор және осыған байланысты білім беру жүйесін басқарудың мемлекеттік-қоғамдық сипатын қалыптастыру мәселесі көкейкесті болады.

Күллі деңгейдегі білім беру басқармалары органдары мен білім беру ұйымдарының құзыреттерінің арасына білім туралы заңдарға және басқа да құқықтық актілерге сәйкес нақты шек қою талап етіледі. Жоғары оқу орындарының дербестігін одан әрі кеңейту үшін қажетті жағдайлар қамтамасыз

етілуге, білім беру мекемелерінің басшыларына үлкен дербестік берілуге тиіс. Оқу орындарын басқаруда орталыққа тәуелділігінің одан әрі жойылуы және академиялық бостандықтарды кеңейту талап етіледі. Өзін-өзі басқарудың пәрменді органы оқу орындарының кеңесі болуға тиіс.

"Сапа" және "баға беру" - "басқарудың жаңа құралының" ажырамас құрамдас бөліктері - орталыққа тәуелсіздіктің жойылу құралы ретінде емес, орталыққа тәуелсіздігі жойылған жүйенің түрлі деңгейлерінің арасында шешімдер қабылдаудың тепе-теңдігін қолдау құралы ретінде қаралуға тиіс.

Жоғарыда сипатталған күллі бағыттар қазіргі заманғы менеджменттің басқа мәселелерімен қатар "Білім беруді басқару" оқу бағдарламасында көрінісін табуын және білім беру жүйесінің басқару кадрларын қайта даярлау мен біліктілігін арттыру бағдарламасының ажырамас бөлігі болуға тиіс.

Білім беруді реформалау бұл салаға принципті түрде жаңа қаржыландыру схемасын енгізуді көздейді және білім беру жүйесін дамытудың қаржы-экономикалық тетіктерін қолдау мен жетілдіруге бағытталған бірқатар қаржы-экономикалық міндеттерді шешуді талап етеді. Міндеттерді шешу бұл ретте мынадай принциптерге сүйенуге тиіс:

білім беру ұйымдарының шаруашылық және қаржылық дербестігі;
ресурстық қамтамасыз етуді қалыптастыруға нормативтік тұрғыдан келу.
Білім беру саласындағы штат нормативтерін, негізгі экономикалық нормалар мен нормативтерді қайта қарау талап етіледі;
қаржыландыруға көп деңгейлі (республикалық және аймақтық деңгейдегі) және кеп арналы тұрғыдан келу;

Білім беру ұйымдарының желісін тұрақтандыру және дамыту. Білімнің қолжетімділігі мен сапасының маңызды кепілі білім беру ұйымдарының желісін жеткілікті дамыту болып табылады.

Атқарушы биліктің жергілікті органдарының басты міндеті - халыққа, соның ішінде мектеп жасына дейінгі балаларға білім беру мен тәрбиесіне қатысты қамқорлық жасау болып табылады. Осыған байланысты мектепке дейінгі ұйымдар желісін сақтау және ұлғайту - олардың тікелей міндеті.

Жалпы орта білім беру саласында білім беру ұйымдарының желісін 2000-2005 жылдар ішінде белгіленген нормативке жеткізуді қамтамасыз ету қажет. Білім берудің арнаулы түзету ұйымдары саны оларға деген өскелең қажеттікті қамтамасыз етпейтіндігін ескере отырып, мектеп жасына дейінгі және жалпы орта білім беретін түзету ұйымдарының желісін дамыту жөнінде қосымша шаралар талап етіледі.

Бастауыш және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқуға кеңінен қолжетімділік міндеттерін шешу үшін мыналар қажет:

1) бастауыш және орта кәсіптік білім беретін оқу орындарының қолда бар

желісін сақтау және оларды одан әрі дамыту жөнінде шаралар қолдану;

2) республикалық бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ аймақаралық негізде, жалпы республикалық маңызы бар мамандықтар бойынша мамандар даярлауды жүзеге асыратын орта кәсіптік білім беретін оқу орындарында мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды қамтамасыз ету.

Бастауыш және орта кәсіптік білім беру ұйымдары республикалық та, жергілікті бағыныстылықта да бола алады және жұмысшылар мен мамандар даярлауды мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде бюджеттік қаржыландыру есебінен - ақылы түрде, сондай-ақ ұйымдар мен кәсіпорындардың қаржылары есебінен де жүзеге асырады.

Білім беру жүйесінің кадрларын қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға деген қажеттік соңғы жылдары орта білім беру жүйесін ақпараттандыру жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға, оқулықтардың жаңа буынын және жаңа әдістемелік арсеналын енгізуге байланысты сан мәрте өсті. Қазіргі уақытта қайта даярлау және біліктілікті арттыру бағдарламалары негізінен аталған мемлекеттік бағдарламаларды іске асыратын педагог қызметкерлердің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған, бұл кадрларды қайта даярлау мен біліктілігін арттыру жүйесінде тепе-теңдіктің бұзылуын туындатады, сондықтан бұл жүйе жетілдіруді талап етеді.

Педагог қызметкерлерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру бағдарламалары жүйелі, көкейкесті сұраныстарды ескеруге және кезең-кезеңімен қайта қаралуға тиіс. Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру мен қайта даярлауды біліктілікті арттыру институттарымен қатар жергілікті атқарушы органдар қалыптастыратын мемлекеттік тапсырыс негізінде аймақтық университеттердің базасында жүзеге асырылуға тиіс.

Білім беру жүйесін ақпараттандыруды қоса алғанда оқытудың жаңа технологияларын енгізу мен материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жақсарту міндеттері бір-бірімен өзара байланысты және білім беру жүйесін ақпараттандыру, дистанциялық оқытуды енгізу және тағы басқалар арқылы оқу процесіне қазіргі заманғы технологиялар мен оқытудың техникалық құралдарын е н г і з у д і к ө з д е й д і .

Мемлекет басшысының қойған міндетіне сәйкес орта мектептерді компьютерлік техникамен жаратқандыру Қазақстан тәуелсіздігінің онжылдығына қарай аяқталады. Осы бағдарламаны іске асыру және білім беру жүйесінің сабақтастық принциптері кәсіптік білім беру жүйесін де ақпараттандыруға көшіруді көздейді.

Білім беру саласындағы ақпараттық инфрақұрылым Қазақстандағы қолда бар телекоммуникациялық желілердің негізінде оларға білім беру ақпараты банктерін қалыптастыру мен қосу жағдайында құрылуы мүмкін. Мұндай

Оның жыл сайынғы көлемі тиісті жылға арналған "Мемлекеттік бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес нақтыланатын болады.

7. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУДАН КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ

"Білім" мемлекеттік бағдарламасының іске асуымен білім беру жүйесінің әлеуеті мен ресурстары сақталатын болады, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін бұдан әрі ұтымды әрі барынша тиімділікпен пайдаланылатын болады.

Осы бағдарламаның уақытылы іске асуы халықтың неғұрлым қалың жіктері үшін білім беру бағдарламаларының қолжетімділігі мен сапасын жақсартуды қамтамасыз етуге тиіс.

Бағдарламаны іске асыру қорытындысында:

балаларды мектепалды даярлаудың түрлі нысандарын ұйымдастыру жөнінде шаралар қолдану нәтижесінде барлық балалардың мектепке даярлығын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасалатын болады;

білім беру ұйымдарының желісін тұрақтандыру және кеңейту жөнінде шаралар қолданудың нәтижесінде жалпы орта білім алу үшін жағдайларды жақсарту қамтамасыз етілетін болады, ол жасөспірімдер мен жастар үшін білім беру ұйымдарының желісін кеңейту есебінен білімнің барлық деңгейлері мен сатыларына қолжетімділіктің артуына мүмкіндік береді;

(диаграмманы қағаздағы нұсқадан қараңыз)

ауылдық және шағын жинақталған мектептердің желісін дамыту, сондай-ақ ауылдық жерде білім беру қызметінің сапасын арттыруды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданудың нәтижесінде қалалық және ауылдық мектептерде оқушылардың білім деңгейлері теңестірілетін болады;

жалпы орта білім беру ұйымдарын ресурстық қамтамасыз етуді жақсарту жөнінде шаралар қолдану нәтижесінде мектеп жасындағы балаларды оқумен барынша қамтуға және жалпы білім беретін, кәсіптік мектептердің, лицейлер мен колледждердің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын орындауға қол жеткізілетін болады;

кәсіптік даярлау саласындағы күллі субъектілердің өзара іс-қимылының, экономиканың барлық саласы үшін білікті жұмысшылар мен мамандарға қажеттікті айқындаудың тетігін белгілеудің, нарықтық қатынастардың принциптерін енгізудің нәтижесінде кәсіптік мектептерді, лицейлер мен колледждер түлектері арасында жұмыссыздық деңгейі төмендейді;

сапаны қамтамасыз ету жүйесін енгізудің нәтижесінде білім беру ұйымдарындағы кәсіптік даярлықтың деңгейі әлемде танылған стандарттармен сәйкес келетін болады;

арнаулы түзету ұйымдарының тәрбиеленушілері үшін оқулықтар жасап, кешенді түрде енгізу жөнінде шаралар қолданудың нәтижесінде олардағы оқу-тәрбие жұмысының сапасы жақсарады;

білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын күшейту жөнінде шаралар қолданудың нәтижесінде ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтардың негізінде жеке адамның қалыптасуы мен дамуы және кәсіптік тұрғыдан қалыптасуы үшін жағдай жасалатын болады, жасөспірімдер мен жастар жасайтын құқық бұзушылықтың саны, олардың қылмысының деңгейі және өздерін девианттық ұстауы төмендейді;

басқару жүйесін ішкі қайта құрылымдау мен ресурстарды ішкі қайта бөлудің және ресурстық қамтамасыз етуге ашықтық сипат берудің нәтижесінде білім беру жүйесі жұмысының тиімділігі артады.